

Республиканың электр-энергетика және энергия тұтыну объектілерін 1995/96 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде тұрақты жұмыс істеуге әзірлеу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 6 маусымдағы N 783

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті өткен жылдың күзгі-қысқы кезеңінде елді энергиямен қамтамасыз етудің өте-мөте тұрақсыз жүргізілгенін әрі оның тұтынушылары терең шектеуге ұласқанын атап көрсетеді.

Қыс қарсаңында көзделген шаралардың уақтылы орындалуы себепті пайдалану деңгейінің күрт төмендеп кетуі салдарынан әсіресе Екібастұздағы 1-ГРЭС-тегі белгіленген энергия қуаттарын едәуір кем пайдалану орын алды, сөйтіп республиканың қажеті одан тысқары жерлердегі қымбат тұратын электр энергиясын алу есебінен өтелді.

Электр энергетика объектілерін 1995/96 жылдың алдағы күзгі-қысқы кезеңінде тұрақты жұмыс істеуге уақтылы әрі сапалы дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің 1995/96 жылдың күзгі-қысқы жағдайында энергия кездерін әрі желілерін жұмысқа даярлау жөніндегі шараларды әзірлегені және жүзеге асырып жатқаны еске алынсын.

1995/96 жылдың жүктемесі мейлінше жоғары болатын күзгі-қысқы кезеңде блокты электр стансаларына арналған жүктеме көлемі, осы электр стансаларының энергия блоктарын жөндеу мен кернеуі 500 кВ және 1150 кВ негізгі электр желілерін күрделі жөндеу жөніндегі тапсырмалар 1,2,3 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Министрліктер, ведомстволар, облыстардың Алматы қаласының әкімдері энергиямен жабдықтауды тұрақты әрі үздіксіз жүргізу, электрмен жылу энергиясын тиімді пайдалану және оларды 1995/96 жылдың күзгі-қысқы жағдайындағы жұмысқа уақтылы даярлау мақсатында:

олардың даярлық паспорттарын бере отырып, үстіміздегі жылғы 15 қарашаға дейін өнеркәсіптік және өндірістік емес объектілерді қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындау жөніндегі ұйымдық-техникалық шараларды әзірлеп, бекітсін;

қыс қарсаңындағы жұмыстарды уақтылы қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және белгіленген мерзімде сапалы орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын;

1995/96 жылғы күзгі-қысқы кезеңде өнеркәсіп орындарының энергияны көп жұмсайтын жабдықтарын жоспарлы жөндеуден өткізуді энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен келісе отырып қарастырсын;

тұтынушылардың электр және жылу энергиясын пайдаланғаны үшін энергиямен жабдықтау ұйымдарына берешекті өтеуіне шаралар қолдансын әрі оны бақылауға алсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің жанынан Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі В.В.Храпунов басқаратын 1995/96 жылдың қыс кезінде электр қуаты мен энергияны тұтынуды жедел басқару жөнінде республикалық штаб құрылсын.

Республикалық штабтың шешімін ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан барлық тұтынушылар орындауға міндетті.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі: жылыту маусымы басталғанға дейін энергия кездерінде отынның нормативті қорларын жасау және бекітілген диспетчерлік жүктеме кестелерінің орындалуы үшін қажетті көлемде отын беріп тұру жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;

энергетика қуаттарының, электр тарату желілерінің жоспарланған көлемінің пайдалануға берілуін қамтамасыз етсін;

электр стансаларының жұмыс қуаты арттырылуын, жөндеу жұмыстарының уақтылы әрі сапалы орындалуын ынталандыру мақсатында кәсіпорындардың қарауында қалған пайда есебінен энергия бірлестіктерінің, энергетика жабдықтарын жөндеу және реттеу жөніндегі кәсіпорындардың, энергия компанияларының, Қазақстанның энергия жүйелерін біріккен диспетчерлік басқарудың, Қазэнерготехинспекцияның өнеркәсіптік-өндірістік қызметкерлеріне 1995 жылдың IV тоқсанында және 1996 жылдың 1 тоқсанында жұмыс қуаты жөніндегі тапсырмаларды орындағаны үшін қосымша сыйлық беруді енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен әрі Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп энергиямен жабдықтайтын ұйымдар мен энергияны тұтынушылар мүддесінің балансы негізінде осы жылдың III тоқсанынан бастап пайдаланылған энергия үшін берешекке сәйкес электр мен жылу шектеудің тәртібі туралы нұсқауды әзірлеп, күшіне енгізетін болсын.

6. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

Энергия жүйелеріне 1995/96 жылдың күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмысқа әзірлену үшін энергия көздерінің, желілердің, үйлердің, коммуникациялар мен ғимараттардың жабдықтарын жөндеуден өткізуге, олардың жабдықтар мен механизмдердің қосалқы бөлшектерін дайындау жөніндегі аймақтың өнеркәсіптік кәсіпорындарымен шарттар жасасуына барынша көмек көрсетсін;

Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі кәсіпорындарының жөндеу мен қысқа дайындық жұмыстарындағы қызметкерлері мен автокөліктерін ауыл шаруашылық және басқа науқандық жұмыстарға тартпайтын болсын;

жылыту маусымы басталғанға дейін коммуналдық, жылыту қазандықтары мен халық үшін отынның нормативтік мөлшерін дайындауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі энергетикалық кәсіпорындардың тапсырысы бойынша ведомстволық бағыныстағы зауыттарда энергетикалық жабдықтар үшін қосалқы бөлшектер шығаруды ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен және басқа мүдделі министрліктермен әрі ведомстволармен бірлесіп, 1995/96 жылғы күзгі-қысқы кезеңде Қапшағай ГЭС-і мен Ертіс ГЭС-і каскадында экологиялық қауіпсіздік шартын сақтай отырып оңтайлы энергетикалық режим жұмысын қамтамасыз етсін.

1995/96 жылдың күзгі-қысқы кезеңіне қарай Үлкен Алматы көлінде су ресурстарының 2507 метрлік қалыпты деңгейдегі белгіге дейін жинақталуын қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен және облыстардың әкімдерімен келісе отырып, энергия көздерін жобалық сападағы отынмен қамтамасыз етудің мүмкіндігі болмаған жағдайда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес айналадағы ортаның ластану деңгейі жоғары аймақтарына келтірілген залалды өтеу және атмосфераға зиянды заттарды шығарудың шекті жобаларына тиісті өзгерістер енгізу жөніндегі өтемақы шараларын қарастыратын болсын.

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі зиянды заттар шығарудың шекті жобаларына жедел экологиялық сараптама жасалуын және табиғатты пайдалануға дер кезінде рұқсат берілуін қамтамасыз етсін.

10. Алматы, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Павлодар, Семей, Шымкент облыстарының әкімдері 1995 жылғы 1 қазанға дейін Ертіс, Іле, Сырдария өзендерінің суы жайылуы ықтимал аймақтарынан жемшөп қорының әкетілуіне қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір

өнеркәсібі министрлігі үстіміздегі жылғы 1 тамыздан бастап ай сайын осы қаулыда белгіленген тапсырмалардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне және Экономика министрлігіне ақпарат табыс етіп тұратын болсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 6 маусымдағы
N 783 қаулысына
1 қосымша

Блокты электр стансалары (ГРЭС) үшін жұмыс
қуатының көлемі жөнінде 1995/96 жылдың күзгі-қысқы
кезеңіне арналған
Тапсырма

ГРЭС атауы	1995 жыл			1996 жыл		
	қазан	қараша	желтоқсан	қаңтар	ақпан	наурыз
Екібастұз N 1	2000	2100	2100	2100	2000	2000
Екібастұз N 2	700	800	800	800	800	800
Ермак	1700	1700	1850	1700	1700	1600
Жамбыл	900	940	990	990	990	950

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 6 маусымдағы
N 783 қаулысына
2 қосымша

1995 жылы электр стансаларының энергия

блоктарын жөндеу жөніндегі
Тапсырма

Электр стансасы | Блок қуаты| Блок | Жөндеу мерзімі
| МВт |нөмірі|

Екібастұздағы	500	1	15 маусымнан 1 қыркүйекке дейін
1-ГРЭС	500	2	26 наурыздан 20 шілдеге дейін
	500	8	15 мамырдан 2 шілдеге дейін
Екібастұздағы			
2-ГРЭС	500	1	15 мамырдан 15 маусымға дейін
Ермак ГРЭС-і	300	4	12 қыркүйектен 1996 жылғы
			30 қаңтарға дейін
	300	5	1 наурыздан 29 наурызға дейін
	300	7	3 сәуірден 7 қыркүйекке дейін
Жамбыл ГРЭС-і	200	3	28 тамыздан 6 желтоқсанға дейін
	210	4	26 маусымнан 30 шілдеге дейін
	210	5	24 сәуірден 31 мамырға дейін

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 6 маусымдағы
N 783 қаулысына
3 қосымша

1995 жылы кернеуі 500 кВ және 1150 кВ негізгі

электр желілерін күрделі жөндеуге арналған

Тапсырма

Кернеу сыныбы, электр | Жөндеу | Жөндеу мерзімі
тарату желісінің атауы | көлемі(км)|

1150 кВ

Екібастұз - Көкшетау	297	мамыр, маусым
Көкшетау - Қостанай	100	маусым, тамыз
Қостанай - Челябі	9	шілде
Екібастұз - Барнаул	120	шілде

500 кВ

Ағадыр - Жезқазған	40	маусым, шілде
Екібастұз - Нұра	35	шілде
Нұра - Ағадыр	20	тамыз
Екібастұз - Ақмола	35	мамыр
Ақмола - Есіл	37	мамыр, қазан
Ағадыр - ОҚ ГРЭС	50	тамыз
Алматы - Бішкек	75	шілде, тамыз